

## Отан қорғаушы – ел патриоты

Ағымдағы жылдың 6 мамыры күні Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында Отан қорғаушылар күніне арналған мерекелік іс-шара өткізілді.

Мерекелік іс-шараны Академия бастығы полиция полковнигі Мирлан Қызылов оқу ордасында қызмет атқарып жатқан ер азаматтарды мерекелерімен құттықтады. Сондай-ақ, мерекенің құрметті қонақтары, оқу ордасының ардагерлері де келді. Ардагерлерімізге сый құрмет көрсетілді. Мереке барысында бірқатар қызметкерлерге қызметтік міндеттерін адал орындап, қызметте көрсеткен жетістіктері үшін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің мерзімінен бұрын «подполковник» атағын, құрмет грамотасын, грамотасын, алғыс хаттарын, медальдарын табыс етті. Сондай-ақ, полиция полковник Мирлан Қызылов өзінің мерекелік бұйрығы бойынша қызметкерлерді грамотамен және алғыс хаттармен марапаттады.

Мерекелік ісшара оқу ордасының ханымдар қауымымен ұйымдастырылған концерттік бағдарламамен жалғасын тапты. Концерттік бағдарлама аясында шырқалған өлеңдер, айтылған тақпақтар, биленген билер, қойылған сахналық көріністер өз елінің патриоттары, Отанына адал қызмет атқарып жатқан Академияның ер азаматтарына арналды. Сонымен қатар Отан қорғаушылар күніне арналған тамаша қабырға газеттері де жасалды.

Әр азаматтың өз елінің, Отаны алдында парызы болады. Ол Отан алдындағы парызын өтеу. Халқымызда *«Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан болады»* деген мақал бар. Болашақ жастар өз Отанының нағыз патриоты бола алу қажет.

Сондай-ақ, осы мереке қарсаңында, полиция полковнигі Мирлан Қызылов облыс бойынша әртүрлі сайыстарға қатысып, жүлделі орын иеленген тыңдаушыларды да құттықтады. Мәселен, 2 курс тыңдаушысы Құдайберген Тельман «Жігіттің сұлтаны» номинациясын иеленіп, дипломмен марапатталды. Басқа тыңдаушыларымыз олимпиадаға қатысып, жүлделі орындар иеленіп, грамотамен марапатталды. Тыңдаушылардың бұл жемістері, бір жағынан қолдау көрсетіп отырған басшылықтың, білім беріп отырған профессорлық-оқытушылар құрамының арқасы болса, ал екіншіден тыңдаушылардың талпынып еңбек етуінің жемісі.

Сонымен қатар сахна алдына, біздің кішкентей балдырған бөбектеріміз, оқу ордасында қызмет атқарып жатқан әкелеріне және ағаларына арнап әндерін сыйға тартты.

Мерекелік ісшара соңында, Академия бастығы полиция полковнигі Мирлан Қызылов оқу ордасының ханымдар қауымына ризашылығын білдіріп, естелікке суретке түсті.

Орынбасар Уақпаева  
ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев  
атындағы Қостанай академиясы  
баспасөз қызметінің баспасөз хатшысы